

ЖОЛАШАР ЖАҢА ЖОБАЛАР...

ҚЫЗЫЛОРДАДА ЖАҢА АГРОКЛАСТЕР ҚҰРЫЛЫП, ЖЫЛЫЖАЙ КЕШЕНІ САЛЫНАДЫ

Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің қатысуымен жаһандық инвестициялар жөніндегі VIII қазақстандық дөңгелек үстел (KGIR-2025) өтті. Форумға 50-ден астам елден мыңнан астам қатысушы, атап айтқанда, өнеркәсіп, энергетика, АӨК, қаржы, фармацевтика, консалтинг және басқа да салалардағы халықаралық, отандық компаниялардың басшылығы жиналды. KGIR-2025 алаңында \$7,5 млрд-тық 49 құжатқа қол қойылды, оның ішінде \$3,8 млрд-тық 13 коммерциялық келісім Премьер-министр Олжас Бектеновтің қатысуымен рәсімделді. Жиында аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев, Ауыл шаруашылығы министрлігі және Harvest Agro компаниясымен бірлесіп, өңірде ірі агроиндустриялық кластер құру жөнінде ұшжақты негіздемелік келісімге қол қойды.

Сонымен қатар облыс әкімдігі мен Fabe Agro ЖШС арасында ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіретін жылыжай кешені инвестициялық жобасын жүзеге асыру жөніндегі ынтымақтастық меморандумы жасалды.

Harvest Agro компаниясы 21 мың гектар аумақта техникалық қарасора, жүгері және соя өсіру, қайта өңдеу бағытында агроиндустриялық кластер құруды көздейді. Кешен құрамында жылына 60 мың тонна шикізат өңдейтін май сығу зауыты салынып, 150 адам жұмыспен қамтылады.

Fabe Agro компаниясы жылына 45 мың тонна өнім өндіретін заманауи жылыжай кешенін салуды жоспарлаған. Кешенге сол жағалаудан 250 гектар жер телімі бөлінген. Жобаның құны 134,5 млрд теңге, іске қосылған соң 1200 адамға тұрақты жұмыс орны ашылады.

Аталған бастамалар өңірдің агроөнеркәсіптік әлеуетін күшейтіп, жаңа өндірістер мен жұмыс орындарының құрылуына жол ашады.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ ШВЕЙЦАРИЯҒА ЖҰМЫС САПАРЫ БАСТАЛДЫ

Биылғы қараша айының алғашқы күндері Қызылорда облысы делегациясының Швейцарияға жұмыс сапары басталды.

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев бастаған Қызылорда облысының делегациясы Швейцария Конфедерациясына жұмыс сапарын бастады. Сапардың негізгі мақсаты – өңірдің экономикалық және инвестициялық әлеуетін таныстыру, сондай-ақ, халықаралық ұйымдар, шетелдік компаниялармен әріптестік байланыстарды нығайту.

Сапардың алғашқы күнінде бірқатар маңызды кездесулер өтті. Атап айтқанда, облыс әкімі швейцариялық Harvest Group компаниясының басшысы Алмаз Альсеновпен кездесіп, өңірде

заманауи агроиндустриялық кластер құру жобасын жүзеге асыру мәселелерін талқылады.

Бұл - Мемлекет басшысының 30 қазандағы Қызылорда облысына жұмыс сапары кезінде швейцариялық Harvest Agro компаниясы ұсынған бастаманың жалғасы. Мемлекет басшысының облысқа ресми сапарынан арада 1 күн өткеннен соң қазанның 31-інде Астана қаласында өткен Kazakhstan Global Investment Round (KGIR-2025) форумында ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қызылорда облысы әкімдігі және Harvest Agro компаниясы арасында ұшжақты Негіздемелік келісімге қол қойылған еді.

Аталған жоба аясында 20 мың гектар жерге техникалық қарасора,

жүгері және соя дақылдарын өсіру және қайта өңдеу жоспарланған. Инвестиция көлемі 51 млрд теңге, жоба жүзеге асқанда 150-ден астам жаңа жұмыс орны ашылмақ.

Сонымен қатар, аймақ басшысы БҰҰ-ның Женевадағы бөлімшесінің бас директоры Татьяна Валовая ханыммен кездесті.

Кездесуде Арал өңіріндегі экологиялық ахуал, «Геопарк Арал» жобасы, жасыл энергетика және тұрақты даму бағытындағы бастамалары бойынша екіжақты ынтымақтастық бағыттары талқыланды. БҰҰ өкілі Қызылорда облысының экологиялық және экономикалық даму бағытындағы бастамаларын жоғары бағалап, ынтымақтастық орнатуға мүдделілік танытты.

Сондай-ақ, делегация мүшелері «GGIG»Женева Сауда және өнеркәсіп палатасының төрағасы Винсент Субилия мырзамен кездесіп, Қызылорда облысының экономикалық даму бағыттары мен инвестициялық мүмкіндіктерін таныстырды. Швейцариялық тарап аймақ жобаларына жоғары қызығушылық білдіріп, іскерлік байланыстарды дамытуға дайын екенін атап өтті.

Сапардың алғашқы күні мазмұнды әрі нәтижелі өтті. Делегацияның жұмысы Швейцарияның іскер топтарымен және халықаралық ұйымдарымен әріптестікті дамытуға, сондай-ақ, өңірге жаңа инвестициялар тартуға бағытталған.

АЙМАҚ БАСШЫСЫ ШВЕЙЦАРИЯДА КЕЛІССӨЗДЕР ЖҮРГІЗУДЕ

Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев бастаған делегация Швейцариядағы жұмыс сапары аясында бірқатар маңызды кездесулер өткізді.

Аймақ басшысы БҰҰ Бас хатшысының орынбасары – БҰҰ Еуропа бойынша экономикалық комиссиясының Атқарушы хатшысы Татьяна Молчанмен кездесіп, өңіраралық ынтымақтастық пен тұрақты даму бағыттарын талқылады.

– «Қызылорда облысының делегациясын жылы қабылдағандарыңыз үшін алғыс білдіреміз. Сапарымыз экономикалық сипатқа ие болып, Женева мен Берн қалаларында ынтымақтастықты кеңейтуге бағытталған. Шілде айында Қызылордада өткен алғашқы Урбан-форумда UN-Habitatұйымыменынтымақтастықдекларациясына қол қойылған еді. Бұл оқиға тұрақты урбанизм мен халықаралық әріптестікті дамытудағы маңызды қадам болды», – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Сондай-ақ, облыс әкімі Женева кантонының Мемлекеттік кеңесшісі Тьерри Апотеломен

кездесіп, Қызылорда облысының инвестициялық мүмкіндіктерін таныстырып, Швейцария тарапымен құрылыс индустриясы, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу, жеңіл өнеркәсіп, тау-кен және машина жасау, туризм салалары бойынша екіжақты ынтымақтастық бағыттарын талқылады.

Женева кантоны Үкімет үйінде өткен кездесуде Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Құрметті қонақтар кітабына естелік жазбасын қалдырды. Өз жазбасында аймақ басшысы Женеваға ресми сапармен келу үлкен мәртебе екенін атап өтіп, бұл сапардың екі өңір арасындағы ынтымақтастықты дамытуға және өзара тәжірибе алмасуға зор мүмкіндік беретінін жеткізді. Сондай-ақ, Қазақстан мен Швейцария арасындағы достық және өзара құрметке негізделген қатынастарды одан әрі нығайтуға сенім білдіріп, Женева тұрғындарына бейбіт өмір мен мол табыс тіледі.



БҰРЫН КӨРМЕГЕН КӨРМЕ...

Аймақ басшысының тапсырмасына орай Қызылорда облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов, жауапты сала басшылары жаңадан салынып жатқан нысандар құрылысымен танысу үшін Бейбарыс сұлтан көшесіндегі «Көрме орталығы» және «Достық үйі» ғимараттарына барды.

«Көрме орталығының» құрылысы мамыр айында басталды. Ғимаратта көрме, конференция залдары, әкімшілік кабинеттер, санитарлық-тұрмыстық, техникалық бөлмелер бар. Көпфункционалды нысанда көрме, жәрмеңке, концерт өткізіледі, яғни бұл – әртүрлі ауқымдағы және форматтағы іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізуге арналған экспозициялық кеңістік. Кең, ашық кеңістік түрінде жобаланған, жинақталып-бөлшектелетін көрме құрылымдарын орнату және жиі ауыстыру мүмкіндігі ескерілген. Бір мезетте 215 адамды қабылдай алады.

«Достық үйі» желтоқсан айында пайдалануға беріледі. Ғимарат күн сәулесінен қорғайтын өрнектері бар сәндік панельдермен перфорацияланған. Офистік үй-жайлар екінші және үшінші қабаттарда орналасқан. Атап айтсақ, холл, фойе, ресепшн, гардероб, 200 орындық үлкен зал, 60 орындық кофейня, кеңсе бөлмелері бар. Конференц-зал видеопроектормен және интерактивті тақтамен жабдықталған.



Цокольді қабатта музыка және вокал бөлмесі, гардероб, киім-кешек қоры, би студиясы, клуб, кеңсе, архив, күзет, қоймалар және қосалқы бөлмелер қарастырылған.

Бүгінгі күнге бірінші, екінші және үшінші қабаттардың колонна-ригельдері және жабын плиталары толығымен құйылды. Инженерлік желілері (электр, ауыз су, жылу, көріз жүйесі), ішкі сылақ жұмыстары толық аяқталып, өрлеу, дизайнерлік безендіру қолға алынған. Бұған қоса сыртқы абаттандыру, витраж орнату және қасбетін қаптау жұмыстары жүргізілуде.

ЖЫЛУДАН ШАҒЫМ ЖОҚ...

Биылғы жылы жылумен қамту нысандарын жаңғыртуға **10 млрд.теңге** қаржы жоспарланды. Нақты айтсақ, *республикалық бюджеттен 1,5 млрд.теңге, Үкімет резервінен 2,5 млрд. теңге, облыстық бюджеттен 5,6 млрд.теңге, ҚЖЭО кәсіпорынның өз қаржысы есебінен 364 млн.теңге бөлінген.*

Оның ішінде Қызылорда жылу электр орталығының Оңтүстік қазандықтың БОНО ЭНЕРДЖИ маркалы үш бу қазандығын жаңғырту жұмыстарын аяқтауға Үкімет резервінен **2,5 млрд. теңге**, жергілікті бюджеттен **1,3 млрд. теңге** бөлініп, қазандықтар қайта жаңғыртылды.

Сонымен қатар жергілікті бюджет және кәсіпорын қаржысы есебінен 1 генераторды және 4 күштік трансформатор жаңғыртылды, 10 бу қазандықтары мен 21 автономды қазандықтарға жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Жылу желілерін жаңғырту бойынша бюджеттен **6 жобаға 3,6 млрд.теңге** бөлініп, **7,9 шақырым** жылу желілері ауыстырылды.

Облыс бойынша жылу беру маусымына тіршілікті қамтамасыз етуші **кәсіпорындар** мен **әлеуметтік сала нысандарының** дайындығы **бекітілген кестеге** сәйкес жүргізіліп, жоспарланған жұмыстар **толығымен орындалды**.

Тариф бойынша: Ағымдағы жылдың 1 қазаннан айынан бастап жылу энергиясы үшін орташа тариф 8 710,79 теңге ҚҚС-сыз; - үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптары жоқ тұрғындар үшін 1 шаршы метрге 131,98 теңге; - есепке алу аспаптары бар тұрғындар үшін 1 Гкал - 2161,85 теңге; - ыстық суды жабдықтауға тұтынушылар үшін 1 адамға 1 айға – 654,68 теңге, 1 м3 – 235,28 теңгені құрайды. Өндірілген 1 Квт-ы электр энергиясын сату бағасы - 13,13 теңге ҚҚС-сыз.

Тіршілікті қамтамасыз етуші кәсіпорындар, әлеуметтік нысандар мен көпқабатты тұрғын үйлерге жылу беру маусымына дайындығы жөнінде әзірлік паспорттары алынды.

Жылу беру маусымы өңірімізде ағымдағы жылдың **8 қазанында** басталды. Бүгінгі күнге облыс бойынша **1 079** әлеуметтік нысандар мен орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған **915** көп қабатты тұрғын үйлер толығымен жылумен қамтамасыз етілуде.

Қазіргі таңда Қызылорда жылу электр орталығында **КОГТЭС-тегі №1,2,3** газотурбиналық қондырғысы мен су қазандығы, Оңтүстік қазандық бойынша КЕ маркалы **3** бу қазандықтары, **18** дана автономды қазандықтар және Қазалы ауданы, Өйтеке би кентінде **2** қазандық жұмыс атқаруда.

Температуралық режим температуралық кестеге сәйкес. Электр энергияның орташа өнімі сағатына – **35,8 МВт**, оның ішінде өз қажеттілігіне – **3,6 МВт** пайдалануда, тұтынушыларға жіберілгені – **32,2 МВт-ты** құрайды;

Жылу энергиясының сағатына өндірілуі барлығы **81,4 Гкал-ны** құрады. Сыртқы ауаның орташа температурасы 9 градусты құраса, соған сәйкес, жылу жүйесіндегі судың температурасы **56/46 градус** ұстап тұруда.

Облыс бойынша жылумен, сумен, газбен, жарықпен уамтамасыз ететін **ҚЖЭО, ҚЭТТҚ, Су жүйесі, Сыр суы және ҚазақГаз Аймақ** штаттық режимде жұмыс жасауда.

Отын қоры бойынша қазіргі уақытта кәсіпорынның резервуарларында пайдалану қорының бекітілген нормативтеріне сәйкес келетін резервтік отын — мазут көлемі сақталуда:

№	Станция	Норматив бойынша, тн	Қоймада , тн
1	ЖЭО	3301	3372
2	ОҚ	600	859
3	АБМК (дизельдік отын)	305	227
4	Қазалы-Темиржолжылу	287	287
	Барлығы мазут, тн	4188	4518
	Барлығы дизельдік отын, тн	305	227

Көмірмен қамту бойынша жылу беру маусымына жалпы қажетті **85,2** мың тонна көмірдің бүгінгі күнге **75** пайызы немесе **63,9** мың тоннасы жеткізілді. Әлеуметтік нысандар бойынша қажетті сұйық және қатты отын қорымен толықтай жасақталған. Жалпы облыс көлемінде **18** өңірлік операторлар жұмыс жасауда.

Жылу маусымының үздіксіз өтуі облыс әкімдігінің тұрақты бақылауында.

Қызылорда облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Тахир Нәдірбектің Қызылорда өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингіндегі баяндамасы негізінде әзірленді.

аумағы кең жауапкершілігі мол күрделі іс екенін ұқтырса керек. «Ту жанында қысық ағаш жатпайды» дегендей, тәрбие жолының тоғысар тұсы халықтың өзінде ата –баба салт санасында, дәстүрінде. Жас ұрпақты ұлттық мақтанаш пен ұлттық патриотизм рухына қалай тәрбиелесек,еліміздің, халқымыздың болашағы, даналығы да солай айқын көрінеді Бүгінгі таңда оқушыларға әлемдік деңгейде өркеніетті негізде білім мен тәрбие беру, ұлттық құндылықтарды олардың бойына сіңіру – ұстаз алдындағы үлкен міндет. Адамзат тарихында құндылықтар қалыптасуының негізгі ерте заманнан-ақ ойшылдар мен ғұламалардың назарында болды. Олардың тәрбиелік негіздері аталан балаға ұрпақтан-ұрпаққа ізгі қасиеттер мен сезім нұплеттерден тұрады. Ұлттық құндылық белгілі бір бағытты, мақсатты, жүйелі ұлттық көзқарасты, мінез-құлықтағы адамдық тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жүйе. Олай болса, ұрпақ тәрбиесіндегі құндылықтар негізгі ізгілікті, ақылды адамгершілік, парасаттылық, имандылық мідеттерін ажырата біліп өзіне таңдау жасауы. Халықта «Баланды өз тәрбиенмен тәрбиелеме, өз ұлтының тәрбиесімен тәрбиеле» деген мақал бар. Жас ұрпаққа тәрбие мен білім беру саласында халықтық педагогиканы енгізе отырып, қазақ халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, мінез-құлық мәдениетін меңгеруде оқушылардың бойына ұлттық имандылық, адамгершілік, сыпайылық қасиеттерін қалыптастыру. Құндылықтар – шынайы ғана болады, ол адамға тәуелді емес, дей тұрғанмен, ол ең алдымен адам санасында орын алады.Құндылықтарды сезім арқылы қабылдап, ал сана арқылы түсінуге болады, соның нәтижесінде тұлға құндылықты игереді, соған сай әрекет етеді. Өз ұлтын қадірлеп, қастерлеген, ұлт қадірін білген азаматтың бірі Ж.Аймауытов: «Мен

Бекенова Зейнеп Сәбитқызы
Қызылорда қаласы № 287 орта мектеп бастауыш сынып мұғалімі

ПРЕЗИДЕНТ САПАРЫ –

КӨЗ ДЕ ТОЙДЫ, КӨҢІЛ ДЕ ТОҚ...

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қызылорда облысына сапары «Қорқыт ата» халықаралық әуежайының жаңа терминалымен танысудан басталды.

Президентке әуежай қызметі, ішкі және халықаралық әуе рейстеріне қызмет көрсету процесі жөнінде баяндалды. Сондай-ақ жолаушыларды тіркеу және тексеру аймақтары, шекаралық-кедендік бақылау пункттері, күту залы, автоматтандырылған жүк беру жүйесі көрсетілді.

Жаңа терминал былтыр қараша айында ашылды. Жобаға 16,6 миллиард теңге көлемінде жеке инвестиция салынды.

Жергілікті бюджеттен инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын жүргізуге 4,3 миллиард теңге бөлінді.

Әуежайдың өткізу қабілеті жылына 300 мыңнан 500 мың жолаушыға дейін ұлғайды.

Нысан Халықаралық азаматтық авиация комитеті (ИКАО) мен Халықаралық әуе көлігі қауымдастығының (IATA) жоғары стандарттарына сәйкес келеді.

«Қорқыт ата» әуежайынан Air Astana, FlyArystan және Qazaq Air әуе компаниялары аптасына 29 рейс орындайды. Қазіргі кезде терминал жанынан «Қазэронавигация» РМҚ жаңа диспетчерлік мұнара мен әкімшілік-техникалық ғимараттың құрылысын жүргізіп жатыр.

Жобаның іске асуы Сыр өңірінің көлік инфрақұрылымын дамытып қана қоймай, туристік әлеуеті мен инвестициялық тартымдылығын да арттыруға оң септігін тигізеді.

Ұзақ күттік... Уақыты тығыз екенін білсек те, бір ретін тауып келер деп үміт еттік. “Осы келеді” деп жоспарланған күні келе алмай қалғанда да жүйке жұқартпадық...

Қызылорданың жынды желі шашып тастаған жерлерді қайта тазарттық. Асығыста көзден таса қалған қақпаларды сырладық... Көрсетеміз деп өзірлеген нысандардың одан сайын әрін келтірдік.

Қаншама күндер бойғы күткеніміз текке кетпеді. Қазанның 30-ында Қ.Тоқаев мінген ұшақ Қызылордаға келіп қонды. Қуанышта шек жоқ. Бәрі тап-таза, бәрі дап-дайын. Президент те мәз-мейрам.

Әлемді алаңдатқан Аралы, елі әлі күнге бағы, әлде соры екенін білмейтін Байқоңыры, одан қалды суы сирақтан келіп қалған Сырдариясы бар Сыр бойы өзін еш алаңсыз құшақ жая қарсы алды. Айнала тап-таза, көтеріңкі көңіл-күй. Күтіп алған, кездескен жандардың бәрі көңілді, тіпті спорт орындарындағы жас өрендердің өзі де шат-шадыман. Өзі өткенде келіп-кеткелі бері елде біраз жаңалық болған. Сыр өнері мен мәдениетінің өрісі кеңейіп, “Өнер орталығы” салыныпты. “Бәрі де балалар” үшін деп салынған “Сыр жұлдыздары” шығармашылық-инновациялық академиясында шабыттанып жүрген кішкентай қызылордалықтар қуанышты. “Нан болса, ән де болады” дегендей өндірістің өзегі болып “Қызылорда – нан” нанның түр-түрін шығарып қойыпты. Қызылордаға келген инвестицияның көкесі



“AKSA ENERGY”-дің жаңа жылу орталығы мерзімінен қалмай, пайдалануға берілетін түрі бар. Қаланың сол жақ жағалауынан ойып тұрып орын алған 11 мың орындық жаңа стадион Қызылорда құралпы қалалардың арасында бар ма екен?..

Астана болғанына 100 жыл толған мерейтойын мерекелеп отырған Қызылорданың жаңа облыстық тарихи-өлкетану музейінде жадыда жатталар жәдігерлер жетерлік...

Үстел теннисі де – облыс бюджетін оңтайландыру барысында үнемделген қаржыны үлгіртудің үздік үлгісі. Көргеніне көз де, көңіл де тойды.

Халық тұрмысын жақсарту бағытында Сыр бойында жасалып жатқан тірлікке, Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындап жатқан жергілікті билікке ризашылық сезімін жасыра алмады.

– “Облыс жалпы жақсы дамып келе жатыр. Қарқын бар. Жоғары. Әкімге ризашылығымды айттым. Сондықтан әрі қарай бірге жұмыс істей береміз” -+ деген Президенттің жұрт алдында жария айтқан сөзі облыс әкімі Н.Нәлібаевтың ел басқарудағы соңғы жылдары атқарған жұмысына шынайы жоғары баға еді. Әрі алдағы уақыттағы ойға, қолға алған жобаларына да жолашар...

... Дос сүйінді, дұшпан күйінді...

ПРЕЗИДЕНТКЕ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Orient Ceramic KZO компаниясының қыш тақта өндіретін зауыты, Fabe Agro жылыжай кешені, With You қатты тұрмыстық қалдықтарды өңдейтін кәсіпорны, Seven Rivers Technologies компаниясының шыны ыдыстар өндірісі және басқа да жобалар жөнінде баяндалды.



Президентке шыны кластерін дамыту және бу-газ қондырғысы, тау-кен байыту фабрикасы, кальцийлендірілген сода өндіру зауыты, тауарлы сүт фермасы жобаларын іске асыру жоспары жайында айтылды.

Мемлекет басшысы алға қойған жоспарларды уақтылы және сапалы іске асырудың маңызын атап өтті. Сондай-ақ облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевқа инвестициялық климатты жақсарту және бизнес жүргізу үшін қолайлы жағдай жасау бағытындағы жұмыстарды жалғастыруды тапсырды.

ПРЕЗИДЕНТ ӨНЕР ОРТАЛЫҒЫНА БАРДЫ

Мемлекет басшысы көрермен залын аралап көріп, облыстық симфониялық оркестрдің дайындық барысын тамашалады.

Мың орынға арналған көп функционалды Өнер орталығы былтыр ашылған. Кең әрі заманауи үлгідегі ғимарат құрылысына 3,7 миллиард теңге жұмсалған.

Мұнда концерттер, шығармашылық кештері мен түрлі қоғамдық іс-шаралар ұйымдастырылады. Орталықта бірнеше шығармашылық ұжым орналасқан.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа 2022 жылдан бері облыста 18 мәдениет нысаны ашылғаны туралы мәлімет берілді. Соның ішінде 7 заманауи «Руханият» орталығы, музыкалық колледждің жаңа ғимараты, облыстық тарихи-өлкетану музейі мен шалғай елді мекендерде мәдениет үйлері салынды.

Әкімдік мәдениет саласы қызметкерлерін баспанамен қамту, мамандардың біліктілігін арттыру және озық тәжірибені енгізу бағыттары бойынша жүйелі жұмыс жүргізіп жатыр.

НӘЛІБАЕВ ЕСЕП БЕРДІ

Мемлекет басшысына Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы, инвестициялық жобаларды жүзеге асыру барысы, «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы

Мемлекет басшысына соңғы 4 жылда өңір экономикасына тартылған инвестиция көлемі 233 пайызға артқанын баяндады. Биыл 720 миллиард теңгеден астам қаржы тарту жоспар-

90 инвестициялық жоба жүзеге асырылады. Бұл 11 мыңнан аса жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді. Биыл жалпы құны 302 миллиард 500 миллион теңге болатын 27 нысанды



аясында атқарылған жұмыстар, сондай-ақ облыс орталығы мен елді мекендерді абаттандыру жөнінде мәлімет берілді.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев

ланған. Оның ішінде жеке инвестицияның үлесі 70 пайызды құрайды. Экономиканы өртарапандыру мақсатында алдағы үш жылда аймақта құны 2 триллион теңгеге жуықтайтын

іске қосу жоспарланған. Бүгінде оның тоғызы пайдалануға берілді.

Мемлекет басшысы облыстың қарқынды дамып келе жатқанын айтып, атқарылған жұмыстарға оң бағасын берді.

«СЫР ЖҰЛДЫЗДАРЫ» АКАДЕМИЯСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев балалар мен жасөспірімдерге арналған «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясына барды.

Бұл нысан биылғы мамыр айында пайдалануға берілді.

Мемлекет басшысына академия қызметі өңір жастарының зияткерлік және шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталғаны жөнінде баяндалды.

Кешенде бассейн, спорт түрлеріне арналған жаттығу залдары, шығармашылық студиялар мен зертханалар бар.

Әкімдіктің мәліметіне сәйкес, Қызылорда облысында қосымша білім беру жүйесін дамыту аясында 2022 жылдан бастап Жаңақорған, Жалағаш және Шиелі аудандарында Оқушылар үйі мен Шығармашылық мектептері бой көтерген.

Былтыр облыс орталығында заманауи Оқушылар сарайы ашылды. Бұдан бөлек, Қызылордада Кәсіптік білім беру және жұмысшы мамандықтары бойынша



құзыреттілік орталығының құрылысы басталды. Бүгінде Президент саябағында уақыт талабына сай балалар сауықтыру лагері мен қысқы бақ салынып жатыр.

ЖАҢА ЖОБАЛАРҒА ЖОЛАШАР

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ОБЛЫС ЖҰРТШЫЛЫҒЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Қасым-Жомарт Тоқаев Қызылорда облысына жұмыс сапары барысында өңір жұртшылығымен кездесіп, әңгімелесті.

Президент аймақтың қарқынды дамып келе жатқанына тоқталып, алдағы уақытта да ауқымды жұмыс атқарылатынын айтты. Сондай-ақ бірқатар мәселе бойынша пікірімен бөлісті.

– Дүние жүзіндегі ахуал баршаңызға жақсы мәлім. Әлемдегі жағдай бұлыңғыр, құбылмалы. Сондықтан, ең алдымен, жастарға көңіл аудару қажет. Жастарымыз – дарынды, қабілетті. Оларға дұрыс бағдар көрсетіп, жақсы тәрбие, тәлім беру маңызды. Қазіргі заманда есірткі, нашақорлық секілді сын-қатерлер аз емес. Жастардың болашағы – білімде. Ойы ұшқыр, көкірегі ояу, көзі ашық жастар – біздің келешегіміз. Бәріміз бір ұлт болып, ел үшін, халық үшін жұмыс істеуіміз керек, – деді Президент.

Мемлекет басшысы елімізді өркендету жолында қолға алынған бастамалар жөнінде де әңгімеледі.

– «Таза Қазақстан» акциясы кең ауқымда жүргізілуде. «Таза» деген – жақсы сөз. Ең алдымен, арымыз, ниетіміз таза болуы керек. Жалпы Қазақстан таза болуы қажет. Бұл – болмысымызға әсер ететін үлкен

іс. Екінші, цифрлық мемлекет құру. Заманауи, озық елге айналуымыз керек. Өйтпесе дамыған елдер көшінен қалып қоямыз. Сондықтан цифрландыруды, жасанды интеллектті міндетті түрде дамыту қажет. Қазақстанда Орталық Азиядағы алғашқы суперкомпьютер іске қосылды. Бұдан бөлек, атом стансаларын салуымыз керек. Қазір бірінші стансаның құрылысы басталды. Таяу арада екінші АЭС жобасын қолға аламыз, – деді Мемлекет басшысы.

Президент өңір үшін су тапшылығы өте өзекті мәселе екенін жеткізді.

– Су тапшылығына баса назар аударамыз. Келешекте де су мол болады дей алмаймыз. Оған дайын болуымыз керек. Су үнемдеудің жоғары технологиясын қолданғанымыз жөн. Мемлекет субсидия беріп жатыр. Биыл ауыл шаруашылығына 1 триллион берді. Бұл – үлкен мүмкіндік, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев мәдениет, өнер саласына мән беретініне тоқталды. Астана мен Алматы қалаларында тәулік бойы қызмет көрсететін екі бірдей Президенттік кітапхана салынып жатқанын жеткізді. Болашақта осы секілді үшінші кітапхана Қызылорда қаласында ашылуы мүмкін екенін айтты.



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ОРТАЛЫҚ СТАДИОНҒА БАРДЫ

Президент Қызылорда қаласындағы 11 мың көрерменге арналған жаңа футбол стадионын аралап көрді. Нысанның құрылысы биыл қазан айын-

Мемлекет басшысы «Қайсар» футбол клубының ойыншыларымен әңгімелесті.

– «Қайсар» – елімізде жеке меншікке өткен



да аяқталған. Жаңа спорт кешені UEFA талабы бойынша IV санатқа сай келеді.

Аренада халықаралық сайыстармен бірге мәдени іс-шараларды өткізуге болады. Кешенде бокс, күрес, спорттық гимнастика, ауыр атлетика және басқа да спорт түрлеріне арналған залдар бар.

алғашқы клубтардың бірі. Алдағы уақытта футбол академиясы салынады. Клубтың келешегі жарқын болады деп ойлаймын. Баршаңызға табыс тілеймін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Кездесу соңында Президент футбол добына қолтаңба қойды.

ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІНІҢ ҚЫЗМЕТІМЕН ТАНЫСТЫ

Президент өңірдің тарихи-мәдени мұрасымен танысып, археология, этнография, Қазақстанның бұрынғы және қазіргі тыныс-тіршілігінен хабар беретін залдарды аралап көрді.

Биыл жазда бой көтерген музейде 12 тақырыптық зал жабдықталған. Қазір мекеме қорында 70 мыңға жуық жәдігер бар.

«ҚЫЗЫЛОРДА-НАН» ЦЕХЫНА БАРДЫ

«Қызылорда-нан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің нан-тоқаш, кондитерлік және макарон өнімдерін өндіретін кешені биыл қазан айында іске қосылды.

Жобаның жалпы құны – 5,6 миллиард теңге. Өндіріс толығымен автоматтандырылған.

Өнімдердің 30 пайызға жуығы кәсіпорынның жеке сауда желілері арқылы сатылады, ал 70 пайызы қала аумағындағы және маңындағы дүкендерге жеткізіледі.

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ҮСТЕЛ ТЕННИСІ ОРТАЛЫҒЫНА БАРДЫ

Мемлекет басшысы Қызылорда қаласындағы Үстел теннисі орталығын аралап көрді. Кешенді салуға облыс бюджетін оңтайландыру барысында үнемделген қаражат есебінен 2,5 миллиард теңге қаралып, құрылыс былтыр қазан айында аяқталды. Сондай-ақ «Samruk Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры 900 миллион теңге қаржы бөлді.

Заманауи үлгіде салынған орталықта 16 үстел теннисі орналасқан ойын алаңы, 350 көрерменге арналған орындар, жаттығу залы мен әкімшілік бөлмелер бар. Мұнда 52 қызметкер жұмыс істейді.

Бүгінде онда 280 бала үстел теннисімен тұрақты түрде шұғылданады.




ПРЕЗИДЕНТ ЖАҢА ЖЫЛУ ЭЛЕКТР ОРТАЛЫҒЫНА БАРДЫ

Жаңа жылу электр стансасы Мемлекет басшысының оңтүстік өңірлерде халық пен экономика сұранысын қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында салынды.

Орталық 240 мегаватт электр қуатын және 277 гигакалория жылу энергиясын өндіреді.

Жобаның жалпы құны – 215 миллиард теңге. Жылу электр стансасы түркиялық Aksa Energy компаниясының инвестициясы есебінен бой көтерді.

Қазіргі кезде негізгі агрегаттар, атап айтқанда, әрқайсысының қуаты 176 мегаватт болатын екі газ турбинасы, қуаты 95 мегаватт бу турбинасы, өнімділігі сағатына 120 тоннаға жететін екі бу қазандығы, қуаттылығы сағатына 150 гигакалорияны құрайтын төрт су қыздыру қазандығы орнатылып, толық монтаждalған.



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ НЕ ТАПСЫРДЫ?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Сыр еліне жұмыс сапарымен келіп, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуымен, өндіріс, инфрақұрылым, мәдениет және спорт нысандарымен танысты.

Сапар «Қорқыт ата» халықаралық әуежайының жаңа терминалын аралаудан басталды. Мемлекет басшысына өткізу мүмкіндігі жылына 300 мың жолаушыдан 500 мыңға дейін артқан әуе айлағының тіркеу және тексеру аймақтары, шекаралық-кедендік бақылау пункттері, күту залы, сондай-ақ автоматтандырылған жүк беру жүйесі көрсетілді.

Өнер орталығында аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы, инвестициялық жобаларды жүзеге асыру барысы, «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында атқарылған жұмыстар, облыс орталығы мен елді мекендерді абаттандыру жөнінде есеп берді.

Инвестициялық жобалар таныстырылып, Orient Ceramic KZO компаниясының қыш тақта өндіретін зауыты, Fabe Agro

жылыжай кешені, With You қатты тұрмыстық қалдықтарды өңдейтін кәсіпорны, Seven Rivers Technologies компаниясының шыны ыдыстар, Roca Group компаниясымен бірлескен санитарлық-техникалық бұйымдар өндірісі және басқа да жобалар жөнінде баяндалды. Шыны кластерін дамыту, бу-газ қондырғысы, тау-кен байыту фабрикасы, кальцийлендірілген сода өндіру зауыты, тауарлы сүт фермасы жобаларын іске асыру жоспары жайында айтылды.

Өткен жылдың наурыз айында ашылған 1000 орындық көпфункционалды Өнер орталығы бүгінде қала сәулетіне ерекше сән берген ғимаратқа айналды. Мұнда симфониялық, эстрадалық және ұлттық өнер бағытындағы концерттік бағдарламалар, шығармашылық кештер, түрлі форматтағы қоғамдық іс-шаралар өткізілуде.

Осы орталықта өңір жұртшылығымен кездескен Қасым-Жомарт Тоқаев аймақтың жоғары даму қарқынына тоқталып, алдағы уақытта да ауқымды жұмыс атқарылатынын айтты.

Мемлекет басшысы «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясын, «Қызылорда-нан» цехын, жылу-электр орталығын, 11 мың орындық жаңа стадионды, үстел теннисі орталығын, тарихи-өлкетану музейін көріп шықты.

Алдағы жоспарларды уақытылы және сапалы іске асыру, инвестициялық климатты жақсарту және бизнес жүргізу үшін қолайлы жағдай жасау бағытындағы жұмыстарды жалғастыруды тапсырды.

Сапардан соң облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен мәжіліс өтті. Аймақ басшысы Президент сапарын жоғары деңгейде ұйымдастыруға атсалысқан азаматтарға және облыстық басқармалар мен мекемелер қызметкерлеріне алғыс білдірді.

– «Мемлекет басшысының жоғары бағасы бірлесіп атқарған жұмысымызға, елдің бекем бірлігіне берілді. Жүктелген міндеттер ауқымды, сондықтан жұмыс қарқынын бұрынғыдан да күшейтуіміз керек», – деді аймақ басшысы.

